

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ – АҒА RTY МИНИСТРЛІГІ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ



АЛМАТЫ АВТОМОБИЛЬ-ЖОЛ КОЛЛЕДЖІ

«Бекітемін»

Атқарушы директор ААДК

Т. Ақматаева Олмтайқызы П.

“ 5 ” 09 2024г

ЗЕРДЕ КІТАПҚУМАРЛАР КЛУБЫ



Алматы 2024

Зерде кітапқұмарлар клубы бойынша Жоспар

Күні: 05.09.2024ж.

Өткізу орны: ААЖК

Үйірменің құрылу мерзімі: 2024 жылдың қыркүйек айы

Үйірме жетекшісі: Бейсенбаева Р.А.

Қатысушылар: 1-2 курс студенттері

Үйірменің жұмыс тәртібі:

- Сейсенбі, бейсенбі күндері тұрақты түрде өтеді.

- **Кітап оқу – ми жаттығуы.** Кітаппен достасқан адам ақылы толысып, парасатты бола түседі. Әрі өз ойын нақты, ашық айта алатын болады. Кітапты көп оқу ойлау жүйеміздің жақсаруына, қиялымыздың дамуына, сонымен қоса сөздік қорымыздың артуына өзіндік ықпал етеді. Ғалымдардың айтуынша, кітапты жылдам оқығанда көз көп шармайды екен. Ал адамдардың 95 пайызы кітапты өте баяу оқиды. Бар болғаны минутына 180-200 сөз. Кітапты асықпай оқығанда адам оқығанының 60 пайызын түсінсе, жылдам оқығанда 80 пайызын түсінеді. Кітап оқу кезінде оқырманның көздері әр әріпті жеке сурет ретінде көрсетеді, ал ми оларды бір суретке біріктіреді екен. Сондай-ақ кітап әрбір адамның бойындағы шығармашылық қабілетті оятады. Сол себепті оқырман кітапқа деген махаббатын, қызығушылығын жоғалтып алмас үшін бірнеше кеңес ұсынамыз.

1) Кітап оқуды әдетке айналдыру

Күніне кітап оқуға 1 сағат арнау қажет, ал уақытыңыз болмаса кемінде 15 минут оқу керек. Сонда миыңыз тынығып, сергіп қаласыз және сіздің тұлғалық дамуыңызға үлкен әсер етеді.

2) Кітапты дұрыс таңдау

Ең алдымен кітапты жас ерекшелігіне қарай таңдаған жөн. Оқу барысында жүйелікке аса мән берген абзал. Бастауыш сынып оқушылары балалар әдебиетін, ертегі кітаптарды оқымай тұрып «Абай жолы» немесе «Көшпенділер» секілді көлемді әрі ауыр кітаптарды оқыса, оны толықтай түсініп, өзіне керек дүниені ала алмайды. Сол секілді жасөспірім шағында «Махаббат қызық мол жылдарды» оқымаған адам, жасы ұлғайғаннан кейін қанша талпынса да романның қызығына бата алмайды.

3) Негізгі ойларды түргіп алу

Кітаптағы өзіңізге қажетті жерлерін жазып алу сізге пайдасын тигізеді. Нақыл сөздер немесе қанатты сөздерді жазу арқылы сізде жаңа ойлар

туындайды, өмірге деген көзқарасыңыз өзгереді және кітап оқуға деген құлшынысыңыз арта түседі.

4) Талдау жасау

Кітапты оқып біткеннен кейін өз ойыңызды жазып отырыңыз. Яғни кітаптан түсінгеніңізді, не түйгеніңізді баяндау. Оқыған кітаптан тәжірибе жинап, өзімізге қажет құндылықтарды алу қажет. Осы кеңестерді пайдалана отырып кітаптың қаншалықты пайдалы болғанын біле аламыз.

5) Бөлісу

Кітапты оқып болғаннан кейін оны достарыңызға, жақындарыңызға ұсынған жақсы. Кітап туралы пікір алмасып, талқылау оқығаныңызды есте сақтауға көмектеседі.

Зерде кітапқұмарлар үйрмесі бойынша №12-хаттама

Күні: 14.02.2025ж.

Өткен орны: ААЖК, кітапханасының оқу залы

Үйірменің құрылу мерзімі: 2024 жылдың қыркүйек айы

Үйірме жетекшісі: Бейсенбаева Р.А.

Қатысушылар: 1-2 курс студенттері

Үйірменің жұмыс тәртібі:

- Сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі күндері тұрақты түрде өтеді.
- 14 ақпан халықаралық кітап сыйлау күніне орай
- Студенттерге кітап оқуды насихаттау , біліктілігін арттыру, жоспарлау дағдыларын жетілдіру көзделген.

Нәтижелері мен ұсыныстар:

- Қатысушылардың белсенділігі байқалады.
- Болашақта колледждің кітапқа деген сүйіспеншілігін ашу және қалалық жарыстарға қатысу жоспарлануда.

Хаттаманы толтырған: Бейсенбаева Р.А.

Қолы: _____

Күні: 14.02.2025ж.

Халықаралық кітап сыйлау



